

Тіл білімінде «өріс» термині, ең алдымен, лексика саласында тақырыптық, лексика – семантикалық топтармен байланысты аталып, ұғымдық, мағыналық т.б. жақындықтары мен ұқсастықтарына бір өріске біріктіріліп қарастырылып отырады. «Өріс – мағына ортақтығына негізделген, білдіретін құбылыстарының ұғымдық, заттық және қызметтік ұқсастығы бар тіл бірліктерінің (негізінен лексикалық бірліктердің) жиынтығы» (1,242б.).

Лексика саласы бойынша жазылған кейбір лингвистикалық әдебиеттерде белгілі бір ортақ белгілеріне қарай тақырыптық топтар немесе лексика – семантикалық топтар «өріс» терминімен мәндес алынып отырады. «Бір өріске кіретін лексикалық бірліктер ұғымдық, заттық немесе жұмсалымдық ортақтығына, тіпті тұлғалық (формальді) ұқсастықтарына қарай да біріктіріле береді. Бір өрістегі сөздердің басын біріктіретін жалпы ортақ мағынасы мен өзге лексикалық топтардан ерекшелейтін де мағынасы болуы шарт. Айталық, адамдар арасындағы түрлі қарым-қатынасты білдіретін бастық, әріптес, жолсерік т.б. лексикалық бірліктерден апа, әке, әпке т.б. атаулар адамдар арасындағы туыстық жақындықты білдірумен ерекшеленеді де, өздері жеке бір өрісті құрайды» (2, 92б.). Бұған қоса, «лексикалық өріс, синтаксистік өріс, морфосемантикалық өріс, лексика-грамматикалық өріс, лексика-семантикалық өріс, функционалды -семантикалық өріс терминдерімен қатар тілтанымда ұғымдық өріс, синтагмалық өріс, парадигмалық өріс, реляциялық өріс, ассоциативтік өріс терминдері де ұшырасады» (3, 49б.).

Жалпы тілде өріс терминінің өзі «бір нәрсенің көлемі, шегі, ауқымы, шеңбері» деген сияқты мағыналарды білдіреді.

Тіл білімінде өріс теориясына байланысты Й.Трир, В.Порциг, Л.Вейсгербер, Е.В.Гулыга, Е.И.Шендельс, А.Комаров, А.В.Бондарко т.б. ғалымдар тұжырымды пікірлер айтқан. Й.Трир бұл терминді лексикалық және ұғымдық өріс деп бөліп қарастырады. Синтагмалық өріс теориясын ұсынған В.Порцинг лексемалар арасындағы синтагмалық байланысты синтаксистік өріс деп те таныса, ал Вейсгербер синтаксистік өрісті ортақ семантика негізінде біріккен сөйлемнің құрылымдық модельдерінің жиынтығы деп түсіндіреді (3, 50-51).

Жоғарыда аталған лексикалық өріс пен синтаксистік өрістерде бір деңгей көлеміндегі ұқсас тілдік бірліктердің жиынтығы негізге алынады.

Сонымен қатар, өріс түзуэр деңгей бірліктерінің мағыналық бірігуінен де пайда болады. Бұл ретте өз мазмұнын әр деңгей бірліктерінен алатын функционалды – семантикалық өріс теориясын зерттеудің мәні зор. Екі жағдайда да тіл бірліктерінің ортақ семантикасы олардың өріс құрау шарты ретінде алынады.

ФСӨ-лер ұғымдық категориялардың тілдегі көрінісі болып табылады. Ұғымдық категорияларды жалпытілдік категория ретінде барлық халыққа ортақ десек, ал сол жалпы халыққа ортақ ұғымдардың тілдегі көрінісі біркелкі емес, және әр халықтағы ФСӨ-лердің құрылымы да бірдей емес. Бір тілде ФСӨ-лер

құрамындағы кіндік тұлғалары (ядросы) күшті, тұрақты болса, екінші бір тілде ол әлсіз (босаң) сипатта болып келеді. Бұл әр халықтағы тілдік жүйе ерекшеліктерімен байланысты. Тіпті бір тілдегі кіндік тұлғасы (орталығы) грамматикалық категория болып табылатын ФСӨ-лер екінші бір тілдегі көпнегізді ФСӨ болуы мүмкін, яғни кіндік тұлғасында грамматикалық категориялар ғана емес, басқа тілдік құралдар жатуы мүмкін. Алайда ФСӨ-лер жалпы халыққа ортақ ұғымдық категориялардан тарайтындықтан тілдік емес дүниемен байланысып, барлық халыққа ортақ категорияларды (субстанция, сапа, сан, қатынас т.б.) сипаттайды. Осы тұрғыдан алғанда ФСӨ-лерді жалпы халыққа ортақ ұғымдарға негізделген және нақты тілдік материалға негізделген деп екіге бөлуге болады. Бірі – ұғымдық өріс (ҰӨ), екіншісі – функционалды – семантикалық өріс (ФСӨ). Бірақ бұл өрістің екі типін екі басқа құбылыс ретінде қарауға болмайды, оның алғашқысы ФСӨ-нің нақты тілдік аспектісі болса, екіншісі әмбебап ұғымдық (универсально-понятийный) аспектісі болып табылады. Яғни, олар функционалды-семантикалық жиынтықтың (бірліктің) екі қыры, екі сипаты.

ФСӨ-лердің нақты тілдік аспектісі тілдік категорияларға – тілдегі грамматикалық категорияларға, синтаксистік конструкцияларға, лексика-грамматикалық құралдарға негізделеді, ал ұғымдық аспектісі жалпы халыққа ортақ универсалды логикалық мазмұнға құрылады. ФСӨ-нің осы аталған аспектісімен байланысты функционалды – семантикалық өріс терминдерінің «бір нәрсенің екі жағы, екі қыры» ретіндегі тілдік сипаты келіп шығады.

ФСӨ-лер (ФСӨ-нің бірінші аспектісі) нақтылық тілдік категория ретінде мазмұн және тұрпат межесінен тұрады. ФСӨ-лердің мазмұн межесі оның құрамындағы тілдік құралдар мағынасынан тұрады. Және ол мағыналар тіл жүйесіндегі грамматикалық категориялар, синтаксистік конструкциялар лексикалық құралдар т.б. мағыналармен байланысып жатады. ФСӨ-нің мазмұн межесін құрайтын әрбір мағына жалпы халыққа ортақ универсалды мазмұндық элементтермен бірге, таза тілдік ерекшеліктерді де қамтып отырады. Тұрпат межесі әрдеңгейге жататын лексикалық, морфологиялық, синтаксистің тілдік құралдар бірлігінен тұрады. Және өріс құрылымы (формалдық) кіндік тұлға мен қосалқы компоненттерге сараланады. Өріс құрылымының барлық тілге ортақ немесе әрбасқа тілдік ерекшеліктері болады. Қысқасы, ФСӨ-нің тілдік аспектісі жүйелі-тілдік қатынастарға негізделеді. Ал, ұғымдық аспектісіне өрістің тұрпат межесі маңызды емес, ол жалпы халыққа ортақ ұғымдарға негізделгендіктен, семантикалық, яғни өрістің мазмұн межесі ғана негізге алынады. Сол себепті ол мазмұндық құрылымның тілдік көрінісін беруді мақсат етпейді. Ұғымдық өрістің (категорияның) әр тілдегі берілуі, тілдік көрінісі туралы сөз болғанда олар ФСӨ-лерге айналады, ФСӨ-лер тұрғысынан сипатталады. Олай болса, өрістің ұғымдық аспектісі мазмұндық (ұғымдық) ерекшеліктерді ғана негізге алады дейміз.

ФСӨ-лер мен ҰӨ-лерді онтологиялық дәрежелеріне қарай сипаттар болсақ, ФСӨ-лер таза тілдік материалға сүйенсе, ҰӨ-лер абстракты ұғымдарға негізделеді. Бірақ ФСӨ-нің екі аспектісі бір-бірімен тығыз байланысты. Бір жағынан бір не бірнеше тілдегі ФСӨ-лерді зерттеу барысында олардың негізінде жатқан ұғымдық категорияларды анықтауға болса, екінші жағынан

жалпы ұғымдық категориялар (ҰӨ-лер) негізінде олардың тілдердегі көрінісін, берілуін (тұрпат-межесін), нақты тілдік интерпретациясын анықтай аламыз. Сонымен ФСӨ-нің әмбебап ұғымдық аспектісі жалпы, барлық халыққа ортақ инвариантты ұғымдарды қамтыса, ФСӨ-нің нақты тілдік аспектісі ортақ тілдік заңдылықтармен қатар, әр халық тіліндегі жекелеген тілдік ерекшеліктерді анықтауды мақсат етеді. Сөйтіп түпкі мәнінде тілден тыс құбылыстар, яғни адамзат баласына ортақ ұғымдық категориялар (зат, қимыл, сапа т.б.) жататын ФСӨ-лердің негізі – семантикалық категориялар – тілдік интерпретация, жүйелі құрылымдық ұйымдасу, тілдік құралдар арқылы берілу әрекеттері нәтижесінде тілдік құрылыс құралдарына, тіл бірліктеріне айналады.

ФСӨ-лердің тілдік емес дереккөзі (источник) ұғымдық категориялар болса, оның тілдің өз ішіндегі дереккөзі, яғни ФСӨ құрылымының тілдік материалы әрбір семантикалық категорияның функция нәтиже аспектісімен байланысты. Басқалай айтқанда, семантикалық категориялар сөйлеу актісінде жұмсалып, белгілі бір семантикалық функцияны орындағанда сөйленім құрылымы әрбір сөйлеу жағдаятына қарай бірнеше сөйленім варианттары ФСӨ-нің құрылымдық бірліктеріне айналады. Бірақ ФСӨ өз құрылымына сөйленім варианттарының барлығын ала бермейді, ол әрбір категориялық жағдаяттар, мәтіндерден өзінің категориялық мазмұнын беретін әмбебап тілдік құрылымдарды таңдап алады. Ол тілдік құрылымдар, біріншіден, грамматикалық семантикаға тән жалпыланған, абстракты мағыналарды, екіншіден, грамматикалық формальді құралдар арқылы берілетін мағыналарды (грамматикалық болмауы да мүмкін) білдіруі қажет. Бұл мағыналар сөйлеуде ғана көрініс таппайды, сонымен қатар тілдік құрылыс элементіне айналып, грамматикалық (лексика-грамматикалық) бірліктер, топтар, категориялар негізінде жатады. Сөйтіп ФСӨ-лер тілдік материал ретінде тілдік құрылыстағы грамматикалық формалар мен категориялар, көмекші сөздер, синтаксистік конструкциялар, лексика-грамматикалық разрядтар білдіретін категориялық мағыналарды негізге алады. Мұндағы категориялық мағыналар деп отырғанымыз үнемі сол категориялық мағыналарды білдіретін, жиі қолданылатын, абстракцияланған ең жалпы мағыналар, мәселен, шақ, жақ, рай, көптік т.б. мағыналар. Олар осы категориялық мағыналары негізінде тілдік жүйеде тұрып-ақ грамматикалық (морфологиялық) категориялар құрайды. Грамматикалық шақ категориясы темпоралдылық, жақ категориясы персоналдылық, рай модалдылық функционалды-семантикалық өрістерінің т.б. негізін құрайды. ФСӨ-лердің категориялық мағынасы грамматикалық категориялар мағынасынан әлдеқайда кең, көлемді болады. Бірақ грамматикалық категориялар мағына болсын, ФСӨ-нің категориялық мағынасы болсын, екеуінің де грамматикалық негізі бір. Бұл грамматикалық категориялар мен семантикалық категориялардың мазмұн межесі бірдей, яғни инварианттық мағыналары ортақ деген тұжырымдарымызды дәйектей түседі.

Сонымен, ФСӨ-лердің ҰӨ (ұғымдық өріс) аспектісі болғанмен логикалық категория емес, олардың өзегінде лингвистикалық, грамматикалық категориялар жатады. ФСӨ-лердің құрылымдық базасын грамматикалық категориялар, синтаксистік конструкциялар және басқа да тіл жүйесіндегі ортақ семантикалық функцияларына қарай біріккен әр деңгей бірліктері құрайды. Бұл

тілдік құралдар бір жағынан ФСӨ ретінде тілдегі жүйелі-парадигматикалық аспектіде сипатталса, екінші жағынан олардың сөйлеудегі жұмсалымы, қолданысы (высказывание) тұрғысынан қарастырылады. ФСӨ-лерді зерттеудің нақты тілдік негіздемесі де осында жатыр.

Өріс мәселесі тіл бірліктерінің әрекеттестік сипатымен байланысты алынады. Тіл бірліктерінің арасындағы әрекеттестік бір деңгей шеңберінде де бола береді. Ал, функционалды-семантикалық өріс құрамындағы тілдік құралдар әрекеттестігі әр деңгейге жататын тілдік құралдардың мазмұндық ұйымдасуынан көрінеді. Тілдік мазмұн (ұғымдық категориялар) тілдік құралдар арқылы беріліп, ол тілдік құралдар өзара әрекеттесіп, өрістік құрылымды түзгенде ғана семантикалық категориялар тілдік материалға айналады. Мысалы, Мен ертең келемін. Келер шақтық темпоралдық мағына –е шақ формасымен, сонымен қатар «ертең» үстеуі арқылы, осы екі тілдік құралдың әрекеттестігі арқылы берілген. Бұл мағына бір ғана шақ формасымен де берілу мүмкіндігі бар. Бірақ шақ формалары темпоралдық мағынаны жалпы түрде береді. Ал лексикалық бірлік (ертең) шақтық мағынаны нақтылайды. Қай күні келетінін дәл көрсетеді. Бірақ лексикалық бірліктер абстракты темпоралдық өрісінің орталық бөлігінде шақ формалары тұрады да, лексикалық бірліктер көбінесе қосалқы компонент ретінде өрістің шеткі, перифериялық бөлігінде тұрады.

Өріс құрамындағы әр деңгей бірліктері бір-бірімен әрекеттесу кезінде өздерінің тілдік деңгейлік сипатын сақтайды, лексикалық бірлік те, грамматикалық форма да өз мәнінде қолданылады, бір-бірімен ешқашан сәйкеспейді, бір-бірін ауыстырмайды, өз дербестіктерін сақтайды. Сонымен, тіл бірліктерінің (әр деңгей) әрекеттестігі ФСӨ-нің өмір сүруінің алғышарты, ал ФСӨ-лер семантикалық категориялардың өмір сүруінің тәсілі, мағынаны іске асырушы құралы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Қалиев. Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, Сөздік – Словарь, 2005. – 439б.
- 2.Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы, 2007. -481б.
- 3.Жолшаева. М. Лингвистикадағы өріс теориясы. – Қазақ тілі мен әдебиеті. 2007. №2. 49-55 б.б.

Резюме

В статье рассматривается понятийный и языковой аспект функционально – семантического поле.

Summary

Conceptual and linguistic aspects of functionally semantic field are considered in the article.

Özet

Bu yazıda fonksiyonel ve semantik alanın anlamı ve dil yönü inceleniyor.